

В 2026 ГОДУ ОБЪЕМ ТРАНЗИТА ПЛАНИРУЕТСЯ ДОВЕСТИ ДО 55 МИЛЛИОНОВ ТОНН (+65%). БУДЕТ ЗАВЕРШЕН РЯД КРУПНЫХ ИНФРАСТРУКТУРНЫХ ПРОЕКТОВ. ВЕДЕТСЯ СИНХРОНИЗАЦИЯ ПРИГРАНИЧНОЙ ИНФРАСТРУКТУРЫ С РФ И КНР. УТВЕРЖДЕНЫ ДОРОЖНАЯ КАРТА ҚТЖ И НОВАЯ ТАРИФНАЯ ПОЛИТИКА. В ЧАСТИ ВНЕДРЕНИЯ ИИ-РЕШЕНИЙ ПРОДОЛЖИТСЯ ИНТЕГРАЦИЯ ПЛАТФОРМЫ SMART CARGO С ГОСУДАРСТВЕННЫМИ И ОТРАСЛЕВЫМИ СЕРВИСАМИ. ДО 2027 ГОДА БУДЕТ СОЗДАНА ЕДИНАЯ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНАЯ ТРАНСПОРТНАЯ СИСТЕМА.



Максат КАЛИАКПАРОВ,
вице-министр транспорта



№11 (3158)

13/02/2026

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫНДА ҚЫЗУ ЖҰМЫС

Осы аптада ҚР Президенті әкімшілігінен келген мемлекеттік инспектор Бейсен Тәжібаев түбектегі теміржол вокзалдарының реконструкциялау жұмыстарымен танысты. Маңғыстау вокзалының құрылыс алаңында болып, онда жүріп жатқан жаңғырту жұмыстарына баға берді.


Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Жергілікті теміржол басшылары мен вокзал құрылысын жүргізіп жатқан бас мердігер «Ақжол Құрылыс» ЖШС өкілдері құрылыстың жай-жапсары туралы жан-жақты мағлұмат берді. Мемлекеттік инспектор теміржол вокзалдарының реконструкциясы Президенттің жеке бақылауында тұрған мәселе екенін тілге тиек етіп, құрылысты өз уақытымен және сапалы аяқтау қажеттігін ескертті.

– Маңғыстауда үш вокзалды реконструкциялау тапсырмасы болған. Жоспар бойынша өткен жылдың соңында жаңғырту жұмыстары аяқталуы керек еді. Техникалық себептер мен конкурстық процедуралардың ұзаруына байланысты құрылыс жұмыстары белгіленген межеден кеш басталды. Сондықтан жұмысты биыл үшінші тоқсанға дейін бітіру қажет, – деді мемлекеттік инспектор.

Маңғыстау вокзалы құрылысына жауапты «Ақжол Құрылыс» компаниясының учаске бастығы Ақжол Әбдірамановтың айтуынша, бүгінде

мұнда бетон құю, металлоконструкцияны монтаждау және топырақпен көму, вокзал аумағын кеңейту үшін жалғас ғимаратты сүру сынды жұмыстар жүргізілуде. 51 адам мен он шақты техника тартылып,



жұмыс екі ауысыммен, күндіз және түнгі уақыттарда ұйымдастырылуда. Қолданылып жатқан құрылыс материалдары – отандық және импорттық өнімдер. Ғимараттың негізгі қаңқасы Қарағандыдан, Теміртаудағы зауытта құрастырылып жеткізілуде екен.

– Біз жұмысты белгіленген мерзімнен ертерек аяқтауға тырысатын боламыз. Егер жергілікті тұрғындар түсіністік танытып, түнгі уақытта жұмыс

істеуімізге қарсылық болмаса, ауысымдық жұмыс ұйымдастырып, одан да тездеткен болар едік. Ал біз қазір тек кешке сағат 22:00 дейін жұмыс істей аламыз. Вокзал құрылысына әлемдік қолданыстағы «Шуко»

әдісін қолданудамыз, бұйырса түбектегі алдыңғы қатарлы ғимараттың бірі болады. Жұмысшылардың дені – осы нысан құрылысы арқылы жұмыспен қамтылған жергілікті тұрғындар, – дейді құрылыс компаниясының өкілі.

Жалпы өңірде Маңғыстаудан бөлек Шетпе және Бейнеу вокзалдарын да жаңғырту жоспарланған. Үш вокзалдың ғимараты да өткен жылы облыс әкімдігінің қаулысы негізінде



«ҚТЖ» ҰК» АҚ-на сенімгерлік басқаруға беріліп, реконструкциялау жұмыстары басталған еді. Маңғыстау вокзалының бұрынғы аумағы 763,7 шаршы метр болса, жаңғыртудан кейін ол 8899 шаршы метрге дейін жетеді. Шетпе вокзалы бұрынғы 201 шаршы метрден екі жарым есеге дейін ұлғаяды. Бейнеудегі небәрі 594 шаршы метрді құрайтын кішігірім ескі вокзал 3500 шаршы метр аумақты алатын заулім нысанға айналады.

– Қазір түбектегі үш вокзалда да қажетті құрылыс жұмыстары жүргізілуде, бәрін бақылап отырмыз. Маңғыстаудағы жұмыстардың төрттен бір бөлігі орындалды. Толықтай шұңқыры қазылып, іргетасы құйылды. Құрылысты жетпіс пайыздай бөлігінде қаңқасы тіктелді. Шетпедегі құрылыс

та бұл сатылардан өтті. Төбесін жабу және ішкі ұсақ-түйегі, есік-терезе орнату сияқты жұмыстарының жартысынан астамы аяқталып қалды. Электромонтаждау, жылу және басқа да жүйелерге қосу жұмыстарының біраз бөлігі атқарылды. Перронның жартысынан астамы жөнделді. Жалпы бұл вокзалды реконструкциялау жұмысы барысы елу пайызға орындалды. Ал Бейнеудегі жаңғырту жұмысы бұл екі нысанға қарағанда біраз кейінде. Ондағы құрылысты жүргізуші мекеме – «ЖС» ЖШС. Қазір бұл вокзалда 27 жұмысшы мен 3 арнайы техника жұмылдырылып, қажетті жұмыстар атқарылуда, – дейді Маңғыстау магистральдық желі бөлімшесі директорының вокзал шаруашылығы бойынша орынбасары Рустам Тухтияев.

Суреттерді түсірген автор

ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ БОЛДЫ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен өткен Үкіметтің кеңейтілген отырысында Премьер-министр Олжас Бектенев көлік-логистика инфрақұрылымын дамыту және елдің транзиттік әлеуетін арттыру бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы баяндады.

Үкімет басшысы биыл жалпы ұзындығы 475 км болатын екі теміржол желісінің құрылысын және 2,9 мың шақырым жолды жаңғырту жұмыстары аяқталатынын жеткізді.

– Бұл транзиттік тасымал көлемін 60%-ға ұлғайтуға, ал транзиттік контейнерлік пойыздардың жылдамдығын сағатына 50 шақырымға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Қытай шекарасынан Каспийге дейін жүстерді жеткізу уақыты осы жылдың соңына қарай 84 сағаттан 55 сағатқа дейін қысқарады, – деп атап өтті Олжас Бектенев.

Сонымен қатар транзиттік әлеуеттің серпінді дамуын тежейтін бірқатар факторлар жоқ емес. Соның бірі теміржол инфрақұрылымдарының тозуының жоғары деңгейі болып қалып отыр. Осыған байланысты магистральдық теміржол желісін жаңғырту жөніндегі кешенді бағдарламаны жүзеге асыру Үкіметтің тұрақты бақылауында.

Президент өз сөзінде жаңа экономикалық үлгіге көшу барысында көлік логистикасын дамытуға жете мән беру қажеттігін, бұл аса маңызды стратегиялық міндет екенін атап өтті.

– Қазақстанның Еуразия құрлығындағы бірегей орнын тиімді пайдаланбақ, бұл халқымыз кешірімсіз стратегиялық олқылық болуы мүмкін. Сондықтан бұл міндетті мән-мағынасы ерекше. Көлік-тасымал саласы өнеркәсіп және инвестиция саясатымен бірге біртұтас жүйе ретінде қаралуы керек. Осы кезге дейін инфрақұрылымдық рөлді басым болған транзит саласы енді экономикалық сипатқа ие болады. Жаһандық бәсеке күшейіп тұрған қазіргі заманда бұл – өте маңызды қадам. Қазір еліміздегі тауардың 60 пайызы темір жолмен тасымалданады. Сондықтан теміржол желілерін барынша дамыту – айрықша маңызды міндет. Бүгінде бірқатар ірі инфрақұрылым жобасының құрылысы аяқталды. Теміржол арқылы жүк тасымалдау мүмкіндігі едәуір жақсарып, темір жолдың жалпы жағдайы тұрақталды. Десек те, еліміздің теміржол транзиті саласындағы әлеуетін толығымен пайдалануымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сондай-ақ теміржол саласындағы тариф саясатын реформалау кезек күттірмейтін міндет екенін де айтты. «1 қыркүйекке дейін жаңа тариф саясатының тұжырымдамасына қатысты түпкілікті шешім қабылдануға тиіс. Тариф саясаты, бұл – аса маңызды тақырып, көлік стратегиямыздың өзегі саналатын мәселе», – деді Қ. Тоқаев.

Ұлан ОРАЗ

ИМПОРТ ЛЬНА ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ



Сығше 1 700 тонн льняных семян из Казахстана доставлены железнодорожным транспортом в Китай.

В рамках трансграничных грузоперевозок по маршруту Китай – Центральная Азия из Казахстана в город Иньчуань (Административный центр Нинся-Хуэйского автономного района на северо-западе Китая) по железной дороге перевезено 1 767 тонн льняных семян.

Поезд проследовал через контрольно-пропускной пункт Хоргос, затем партия в бондовом режиме была доставлена в южный грузовый парк Иньчуаньского железнодорожного логистического центра. Далее льняные семена отправившись в комплексную бондовую зону города, где будет осуществляться их переработка, сообщает портал chinanews.com.cn.

По мнению представителей отрасли, запуск железнодорожных маршрутов грузоперевозок между Китаем и странами Центральной Азии позволил значительно сократить сроки и снизить стоимость транзитной доставки, а также обеспечить стабильные поставки сырья для предприятий агропромышленного комплекса.

Махаббат НЕГЕМБАЕВА



Фарид САГИТОВ,
«KTZ Express» АҚ

IT департаментінің директоры:

БҮГІНГІ ТАҢДА ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР КӨМЕКШІ ҚҰРАЛ БОЛУДЫ ТОҚТАТТЫ ЖӘНЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІКТІ НЕГІЗГІ ФАКТОРЫНА АЙНАЛДЫ. КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІНІҢ ТИІМДІЛІГІ ИНФРАҚҰРЫЛЫММЕН НЕМЕСЕ ТАРИФТІК САЯСАТТЫҢ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ЦИФРЛЫҚ ЖЕТІЛУ ДЕҢГЕЙІМЕН ДЕ АНЫҚТАЛАДЫ. ШАРТТАРДЫ РЕСІМДЕУ ЖЫЛДАМДЫҒЫ, ЛОГИСТИКАЛЫҚ ТІЗБЕКТЕРДІ АШЫҚТЫҒЫ, КЛИЕНТТІК СЕРВИСТІҢ САПАСЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТАРАЛЫҚ ДЕКРЕТТЕР АЛМУСЫ МҮМКІНДІГІ. БҮЛ ТҮРҒЫДА ҚТЖ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНДА ІСКЕ АСЫРЫЛЫП ЖАТҚАН «БІРЫҢҒАЙ ЦИФРЛЫҚ ТЕРЕЗЕ» ЖОБАСЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ РӨЛ АТҚАРАДЫ.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2025 ЖЫЛЫ АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚ АУМАҒЫНДАҒЫ KHORGOS GATEWAY ҚҰРҒАҚ ПОРТЫНДА

372 мыңнан

АСТАМ ЖӨЭ ӨНДЕЛДІ.

БЫЛТЫРҒЫ 8 ЖЕЛТОҚСАННАН БИЫЛҒЫ 5 АҚПАҢҒА ДЕЙІНГІ АРАЛЫҚТА ҚАЗАҚСТАН БОЙЫНША

46 976

ШАҚЫРЫМНАН АСТАМ ЖОЛ ҚАРДАН ТАЗАРТЫЛДЫ.

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАН МЕН ЭСТОНИЯ АРАСЫНДАҒЫ ТЕМІРЖОЛ ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ

382,4 мың

ТОННАНЫ ҚҰРАДЫ.

Паводок

ПОДГОТОВКА К ВЕСНЕ

Погодная обстановка в Алматинской области остается нестабильной. Резкое потепление, активное таяние снега и ливневые дожди могут осложнить паводковую ситуацию. В этих условиях специалисты Алматинского отделения магистральной сети круглосуточно контролируют обстановку и принимают все необходимые меры для обеспечения безопасности движения поездов.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Продолжается плановая работа по подготовке железнодорожного пути и искусственных сооружений к безопасному пропуску паводковых вод. Формируются пять противоразмывных поездов на станциях Актогай, Бесколь, Айнабулак, Алматы-1 и Алтынколь. В составе противоразмывных поездов – 33 вагона: крытые (с инструментами, инвентарем и материалами), платформы с буттовым камнем, некондиционными ж/б шпалами и рельсовыми пакетами. Проводится осмотр и очистка водоотводных сооружений, проверяется техническое состояние мостов, труб и земляного полотна. Вдоль железнодорожной магистрали выявлено 74 паводкоопасных участка, которые

регулярно обследуются руководителями дистанций пути. Машинистам даны указания докладывать о ситуации, включая скопление воды и пропуск паводковых вод через искусственные сооружения. Проблемные места зафиксированы во всех дистанциях пути: Актогайская – 5, Достыкская – 7, Уштобинская – 37, Алматинская – 21, Алтынкольская – 4.

Специалисты активно очищают мосты, трубы, кюветы и нагорные каналы от льда и мусора, чтобы паводковые воды не угрожали движению поездов. На отделении эксплуатируется 18 плотин и водохранилищ выше уровня железнодорожного полотна. Совместно с балансодержателями проводятся проверки шлюзов, гидроузлов и уровней наполнения водохранилищ с оформлением соответствующих актов.



Фактический объем заполнения не превышает максимального накопления. Установлена устойчивая связь с ДЧС районов, а также с ДЧС Алматинской и Жетысуской областей.

– Мы заранее провели профилактические мероприятия, усилили мониторинг паводкоопасных объектов. Все службы готовы к оперативному реагированию. Главная задача – обеспечить безопасность движения поездов при любых погодных условиях, – подчеркнул начальник отдела пути Руслан Нурболат.

Для контроля прохода паводковых вод ведутся дополнительные обходы, объезды и круглосуточные дежурства руководителей среднего звена дистанции пути, сигнализации и связи, а также электроснабжения.

Фото автора

ПЛОМБЫ ТЕПЕРЬ ОБЯЗАТЕЛЬНЫ




Обязательное применение навигационных пломб для отслеживания перевозок на территории ЕАЭС стартовало 11 февраля.

Любовь РОББА,
Астана

Проект охватывает пять стран: Казахстан, Россию, Беларусь, Армению и Кыргызстан. Уполномоченным национальным оператором пломбирования в Казахстане является Институт космической техники и технологий.

В рамках информационно-разъяснительной работы и подготовки к внедрению пломб национальный оператор провел круглые столы и онлайн-встречи на железнодорожных стыковых

станциях. Отслеживанию подлежат следующие виды перевозок. Транзитные из третьих стран в третьи страны по территории двух и более государств ЕАЭС (например, из Китая в Евросоюз (напрямую в Казахстан, Россию и Беларусь)), а также с завершением перевозки в государстве – члене ЕАЭС. Экспортные перевозки, начатые на территории ЕАЭС и проходящие по территории двух и более государств – членов ЕАЭС и завершающиеся в третьих странах. К примеру, из Казахстана в Евросоюз через Россию.



Перевозки в рамках взаимной торговли между странами ЕАЭС (из Казахстана в Россию и т.п.). Что касается товаров, подлежащих отслеживанию на первом этапе (таможенный транзит, экспорт, взаимная торговля), для железнодорожного транспорта

это алкогольная, табачная продукция и санкционные товары. Подробнее с правилами и порядком наложения пломб можно ознакомиться на сайте национального оператора istransit.kz.

Реализация проекта разделена на три этапа, общая продолжительность которых составляет около 1,5 года.

– Навигационные пломбы представляют собой эффективный технологический механизм, способствующий повышению надежности и прозрачности логистических операций, – подчеркнул министр по таможенному сотрудничеству Евразийской экономической комиссии Руслан Давыдов. – В будущем пломбы станут неотъемлемой частью комплексной системы мониторинга импорта и внутреннего товарооборота стран ЕАЭС.

Фото eec.eaeunion.org

ЖОЛАУШЫЛАР ЖОЛДА ҚАЛМАДЫ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбе облысындағы ауа райы күрт нашарлап, автожолдар жабылды. Жолда қалған жүздеген жолаушыға теміржолшылар көмекке келді.



«ҚТЖ-Жүк тасымалы» Ақтөбе филиалы жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, шамамен 400 адамды жолаушы пойыздарына тегін отырғызу жұмыстарын ұйымдастырды.

– Табиғаттың тосын мінезінен туындаған форс-мажор жағдайға байланысты қар құрсауында қалған барлық жолаушыға көмек көрсетілді. Алдымен «Маңғыстау-Орал» пойызына 150 адам мінгіздік. Кейін «Ақтөбе-Атырау» пойызына 60 адам және «Ақтөбе-Маңғыстау» пойызына Ақтөбе мен Қандыағаш бағытына бет алған тағы жүзден аса жолаушыны жайғастырдық, – деді Алға станциясының басшысы Аян Жылқайдаров.

Сонымен қатар жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті атқарушы орган тарапынан да күшейтілген ұйымдастыру жұмыстары атқарылған. Алға қаласындағы №1 орта мектеп базасында арнайы жылтыту пункті ұйымдастырылып, 130-ға жуық жолаушы жатын орын, ыстық тамақ және қажетті тұрмыстық заттармен толық қамтамасыз етілген.

Суретті түсірген автор

ОҢ НӘТИЖЕ КӨРСЕТТІ

Ұлан ОРАЗ,
Астана



Көлік министрлігінің Көліктегі оқиғалар мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру департаменті өткен жылғы жұмыс қорытындысын шығарды.

Осыған орай департамент теміржол, автомобиль, авиация және су жолы салалары бойынша тасымалдау процесіне қатысушылар өкілдерімен кеңес өткізді. Онда жария болған мәліметтерге тоқталсақ, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Департаменттің тергеп-тексеруіне жататын көліктік оқиғалар мен оқыс оқиғалар статистикасы 2024 жылмен салыстырғанда теміржол көлігінде едәуір төмендегенін көрсетті. Яғни 2024 жылғы 16 фактіден былтыр 7 фактіге дейін азайған.

Кеңес барысында өткен жылдағы көліктік оқиғалар бойынша талдау ұсынылды. Аяқталған тергеп-тексерулердің себептері мен ықпал етуші факторлары талқыланды. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде берілген ұсынымдар негізінде профилактикалық шараларды іске асыруды көздейтін іс-шаралар жоспарларының орындалуына ерекше назар аударылды.

Кеңес қорытындысы бойынша көлік оқиғалары мен оқыс оқиғаларды тергеп-тексеру барысында елеулі үлес қосқаны және ынтымақтастығы үшін бірқатар мемлекеттік органдар мен көлік саласының қызметкерлері, соның ішінде теміржолшылар да Құрмет грамоталарымен және Алғыс хаттармен марапатталды.

САН МЕН САПА

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Атырау магистральдық желі бөлімшесі бойынша өткен жылы пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін бұзу жағдайлары, апаттар, оқыс оқиғалар тіркелмеген. Ал алдыңғы жылы 2 жағдай, 4 оқиға орын алған.

Сондай-ақ жол сапасына қатысты 3-дәрежелі ауытқулар 337-ге, 4-ші дәрежелі ауытқулар 24-ке, ал қанағаттанғысыз жол 49 км қысқарған, яғни 2024 жылы 56 км тіркелсе, былтыр күрт азайып, небәрі 7 км құраған. Сонымен қатар техникалық құрал-жабдықтардың істен шығуы 54 жағдайға қысқарған.

Бөлімше бастығының бірінші орынбасары Аманқос Жылқыбаевтың айтуынша, былтыр 66,721 км жолды күрделі жөндеу жұмыстары жоспарланып, ол жүз пайызға орындалған. Олар 4-разъезд – 5-разъезд – Ганюшино, 265-разъезд – 279-разъезд және 465-разъезд – Толтыр – 467-разъезд телимдерінде жүргізілген. Сол секілді 3,245 км күшейтілген орташа жөндеу жоспары 9,871 км орындалған.

Биыл бөлімше бойынша 29,7 км жолды күрделі жөндеу жоспарланып отыр. Олар Махамбет – Атырау, Мақат – Афанасьев – Рзд 9, Рзд 467 – Рзд 468 – ст. Құлсары учаскелерінде жүргізілімекші. Сондай-ақ 9,2 км жол орташа күшейтілген жөндеуден өтеді. Бұрмаларды ауыстыру – 20 дана, қолданылған бұрмаларды пайдалану – 8 жиынтық, мал басудан қоршау салу 74,6 км, оларды жөндеу 25 км жоспарланған.

ЖАҢАЕСІЛДІҢ ЖЕТІСТІГІ ЖОҒАРЫ



Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Ақмола облысы

Станция маңызды 3 бағытта жұмыс атқарады: Жаңаесіл – Көкшетау, Жаңаесіл – Қостанай, Жаңаесіл – Пресногорьковская магистральдары. Былтыр жүк тасымалын жүзеге асыру бойынша станция жоғары нәтижеге қол жеткізді.

– Станция жұмыс көлемі жағынан өте ауқымды, себебі мұнда сұрыптау дөңесінде пойыздарды құрастыру және ажырату бойынша үлкен маневрлік жұмыстар жүргізіледі. Сонымен қатар Жаңаесіл арқылы Қазақстанның



орталық және солтүстік өңірлері мен Ресей мен Еуропа бағытына қарай негізгі жүк ағындары, яғни көмір, астық, кен тасымалы өтеді. Станцияда ірі локомотив депосы және вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттері орналасқан. Инфрақұрылымы

дамьған, «кластан тыс» мөртебесіне лайық тораптық станция, – дейді Жаңаесіл станциясының бастығы Ерлан Рахымжанов.

Жалпы, Жаңаесіл станциясында 600-ге жуық теміржол қызметкерлері жұмыс атқарады, олардың қатарында ДС, ПЧ, ШЧ, ЭЧ, ТЧ,

ВЧД, Қалпына келтіру пойызы, Жолаушылар тасымалымен айналысатын вокзал қызметі бар. Станциядағы 20 жолдың алтауы бас жол, ал сұрыптау паркінде 14 жол бар.

– Былтыр жүк тасымалын жоспардан тыс жоғары деңгейде орындадық, іс жүзінде барлығы 213 402 вагон жүк тиелді, бұл дегеніміз 2 млн тоннадан астам жүк. 2024 жылмен салыстырғанда 159 121 вагон артық жүк тиелген. Пайызбен салыстырғанда өсім 124,4 пайызды құрап отыр. 2025 жылы 78 вагон металлом, 16 454 вагон бидай, 12 459 контейнер, 12 вагон ұнтақталған үн өнімдері тиелді, басқа да тиелген өнімдер 2361 вагон болды. Жүк түсіру бойынша 1466 вагон көмір, 618 вагон жанар-жағар май, 4919 вагон бидай, 22 вагон дәнді-дақылдар, 548 вагон тыңайтқыш және басқа да 13 658 вагон жүк түсірілді, – дейді станция бастығы.

Суретті түсірген автор

БІЛІМ МЕН ТӘЖІРИБЕ АЛАҢЫ



Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы

Қазалы станциясында өткен шараға Сапақ, Аралқұм, Шөміш, Майлыбас, Көбек станцияларынан, сондай-ақ Қазалы станциясындағы салалық мекемелердің басшы-қосшы құрамы және оқыту шеберлерін қоса алғанда 54 теміржолшы қатысты. Олардың қатарында жол шаруашылығы, белгі беру және сигнализация, электрмен жабдықтау, қозғалыс шаруашылығы қызметкерлері бар.

Іс-шараға Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Ербол Оңғарбаев бастаған салалық мекеме басшылары да қатысып, жиналғандар комиссиялық айлық тексеру жұмыстарын ұйымдастыру мен жүргізудің тетіктерін тәжірибе жүзінде пысықтады.

Тәжірибелік оқытудың басты мақсаты – тек теориялық білімді қайталау емес, нақты өндірістік жағдайда жедел әрі дұрыс шешім қабылдай білуге дағдыландыру. Қауіпсіздік – қағаз жүзіндегі талап емес, күнделікті қызметтің өзегі екенін теміржолшылар тағы бір мәрте сезінді.

– Қозғалыс қауіпсіздігі – теміржолшының темірқазығы. Бүгінгі тәжірибелік оқыту –

соның айқын дәлелі. Әр сала мамандары өзара тәжірибе алмасып, кәсіби машықтарын ортаға салды. Мұның барлығы сайып келгенде инфрақұрылым нысандарының техникалық пайдалану қағидалары, сигнал беру жүйесінің сенімділігі, ақаулардың алдын алу алгоритмдері талқыланды. Ситуациялық тапсырмалар арқылы теміржолшылар шұғыл жағдайларда әрекет ету ретін пысықтап, тәуекелдерді бағалау дағдыларын жетілдірді.

Келесі кезең – станция жолдарындағы тәжірибелік сабақ. Әрбір бағытталмалық бұрманың техникалық жай-күйі, бұрма рельстерінің өлшемдері мен саңылау параметрлері қайта еске түсіріліп, өлшеу жұмыстары нақты құралдармен жүргізілді. 55-бағытталмалық бұрма басындағы тәжірибелік сабақ әрі қарай Қазалы жол дистанциясының оқыту полигонында жалғасты.



Мұнда қатысушыларға сұрақ-жауап арқылы білімдерін бекіту мүмкіндігі берілді.

Станция ғимаратындағы пойыз қозғалысын қадағалау таблосының жұмысы, маневрлік қозғалысты бақылау тәртібі, ескерту сигналдарын беру, тежегіш башмақтарын дұрыс қолдану және олардың сақталуын қадағалау мәселелері көрнекі түрде түсіндірілді. Әрбір әрекеттің артында жолаушының қауіпсіздігі, жүктің бүтіндігі, сала абыройы тұрғаны теміржолшылардың санасына тағы бір мәрте сіңірілді.

– Мұндай кешенді оқыту салалық мекемелер арасындағы үйлесімділікті арттырып, ескерту сигналдарын жаңа деңгейге көтереді. Әрбір теміржолшыға тәжірибе тіні тынымсыз еңбекте екенін түсіндіретін шара болды, – дейді қозғалыс қауіпсіздігі бөлімінің инженері Кенже Қойшыбаева.

Суретті түсірген автор

ТЕМІР ЖОЛДА ТӘУЕКЕЛГЕ ЖОЛ ЖОҚ



Ардақ ҮСЕЙІНОВА,
Жамбыл

Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Жамбыл учаскесі бойынша бас ревизоры Медет Қолдасов осылай дейді. Айтуынша, шойын жол бойындағы қауіпсіздік мәселесі күн тәртібінен түспесе де, келеңсіз жайттар азаймай отыр. Өткен қаңтар айында Қаратау станциясында оқыс оқиға орын алған. Тежегішті шұғыл басқанымен, жүк пойызы жол үстіне шығып кеткен адамға жеткенше тоқтап үлгермеген. Нәтижесінде зардап шегуші дереу ауруханаға жеткізіліп, медициналық көмек көрсетіліпті.

– Түрлі дене жарақаттарын алған науқас қазір емдеу мекемесінде дәрігерлер бақылауында. Локомотив бригадасы жедел шешім қабылдап, пойызды тоқтатуға тырысқанымен, жағдайдың алдын алу мүмкін болмады. Себебі ауыр жүк тиелген құрамды тоқтату – жеңіл көліктің тежегішін басқанмен бірдей емес. Бұл – тек тікелей қауіп төнген кезде қолданылатын төтенше шара. Жылдамдықпен келе жатқан локо-



мотив құрамдағы вагондар және жүктің инерциясымен біраз жерге дейін жылжып барып тоқтайды. Ал оның салдары шойын жол өткеліндегі жұмысшы, темір жолды белгіленбеген жерден кесіп өткен адам үшін де, тіпті пойыздағы құрам, жолаушылар үшін де ауыр соғуы мүмкін.

Аймақтың бас ревизорының мәліметіне сүйенсек, өткен жылы Жамбыл магистральдық желі бөлімшесіне қарасты темір жол бойында салдары өте ауыр соққан бірнеше келеңсіз қайғылы оқиға тіркелген. Оның біреуінде жүк пойызы төрт бірдей теміржолшыны басып кетіп, соңы орны толмас өкінішке әкеліп соқты. Өткелді жабық кезде кесіп өтпек

болған көлікпен соқтығысқан 5 фактінің үшеуі тағы өліммен аяқталған...

– Мысалы, былтыр қыркүйек айында №4884 Тараз – Жанатас учаскесінің Аса – Жұма аралығында 53 км/сағ жылдамдықпен келе жатқан «Тойота Альфард» маркалы жеңіл автокөлігі күзетілетін реттелмейтін теміржол өткелінде пойызбен соқтығысқан. Машинадағы бір адам сол жерде көз жұмып, қалған бесеуі Аса ауылындағы аудандық ауруханаға жеткізілді. Жүргізген сараптама жұмыстарының қорытындысы жол-көлік оқиғаларының барлығында жүргізушілердің жол ережесін өрескел бұзуы себеп болғанын көрсетіп отыр.

Өткен жылы бөлімше аумағында 96 мал басу оқиғасы тіркелген. Оның 47-сінде соқтығысқан құрам жолаушылар пойызы болған. Мал иелері төрт түлігін қараусыз жіберіп, сапар үстіндегі қаншама жолаушының өміріне қауіп төндірді, – дейді Медет Қолдасов.

Аймақтың бас ревизоры стандартты емес жағдайларда шұғыл тежегіштерді қолданған кезде жылжымалы құрам мен темір жолдың тез тозуы байқалатынын атап өтті. Сондай-ақ пойызды шұғыл тоқтатудың салдарынан инфрақұрылым элементтері – тежеу жүйесінің тозуы, тартылу кезінде вагондар арасындағы ілінісу құрылғыларының зақымдануы, жолдың, рельстердің зақымдануы, сырғымалар, вагондар дөңгелектерінде ойықтардың пайда болуына әкеліп соғатынын да жасырмады.

Құдық қорғау органдары, станция қызметкерлері, желілік полиция бөлімшелерінің мамандары темір жол бойындағы елді мекен тұрғындарының арасында профилактикалық іс-шараларды үздіксіз жүргізіп жатқанымен, локомотивтердің автокөлікпен соқтығысуы, пойыздардың мал басу қаупі әлі күнге сақталып қалып отыр. Келеңсіз жайттардың алдын алудың кешенді шаралары да қабылданауда. Десе де, шаруалар төрт түлігін жол бойына жаюын қояр емес. Жүргізушілер де, жаяу жүргіншілер де өткелді кесіп өтуге асығып тұратын көрінеді.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

СТРАТЕГИЯ БОЛЬШОГО ТРАНЗИТА



ПРОЕКТ

АО «Кедентранссервис» и китайская SPSI Cloud Port Development Group обсудили реализацию проекта Казахстанско-Китайского сухого порта в Чэнду.

Руслан РАХМЕТОВ,
Астана

В Чэнду состоялась рабочая встреча представителей АО «Кедентранссервис» и SPSI Cloud Port Development Group Co., Ltd., в ходе которой стороны обсудили ключевые параметры создания Казахстанско-Китайского сухого порта. Проект рассматривается как один из перспективных элементов развития транспортно-логистического сотрудничества между двумя странами.

Переговоры были посвящены

вопросам практической реализации совместных инфраструктурных инициатив. Участники встречи детально рассмотрели финансово-экономическую модель будущего сухого порта, возможные механизмы инвестирования, а также технические и проектные решения. Отдельное внимание было уделено этапности строительства и срокам ввода объекта в эксплуатацию.

В ходе диалога стороны обсудили принципы формирования совместного предприятия, включая распределение долей,

инвестиционные и операционные обязательства, а также вопросы корпоративного управления. Также были рассмотрены функциональные возможности терминальной инфраструктуры, условия строительства и дальнейшей эксплуатации земельного участка.

Значительная часть обсуждений была посвящена развитию операционной деятельности. В частности, рассматривались планы по запуску и наращиванию объемов контейнерных и зерновых перевозок в направлении Чэнду. По итогам встречи стороны

подтвердили целесообразность синхронного развития перевозочного направления и реализации инфраструктурного проекта.

Отдельным пунктом повестки стало согласование проекта Дорожной карты строительства сухого порта. Участники договорились о регулярном взаимодействии в формате рабочей группы и определили приоритетные задачи инвестиционного сотрудничества на 2026 год, включая создание совместных предприятий в Китае и Казахстане и сопровождение инвестиционных процедур.

Проект Казахстанско-Китайского сухого порта в Чэнду рассматривается сторонами как стратегически важный элемент укрепления транспортной связанности между Центральной Азией и КНР. Его реализация позволит расширить транзитные возможности Казахстана и будет способствовать формированию устойчивых международных логистических цепочек.

Снегоборьба

СОГЛАСНО ОПЕРАТИВНОМУ ПЛАНУ

В этом году зима в Приуралье умеренная, но бывают дни морозные и снежные. Уральские железнодорожники обеспечивают движение поездов в соответствии с расписанием, а снегоборьба ведется в соответствии с оперативным планом на 2025-2026 годы.



Анна ПАНИЦЕВА,
Уральск

В начале зимы в Западно-Казахстанской области были небольшие морозы, оттепели, временами гололеда. А в январе погода разбушевалась: одно за другим штормовые предупреждения ДЧС, закрытия междугородных и международных автотрасс, временами сильные морозы, так что даже занятия в школах переводились в режим онлайн. В социальных сетях появились впечатляющие видео с занесенными автодорогами и переметами на железнодорожных путях. Действительно, уральским железнодорожникам приходится работать в сложных метеорологических условиях резко-континентального климата с сильными ветрами и буранами. К слову, на севере области, где проходят железнодорожные пути, снежный покров держится до 140 дней в году.

Согласно оперативному плану по снегоборьбе на 2025-2026 годы, очистка путей от снега ведется непрерывно на 25 раздельных пунктах, включая 348 стрелочных переводов и 112 закрестовинных кривых. Также дежурными работниками на 12 охраняемых переездах очищаются от снега и льда 10-метровые площадки и переездные настилы, обеспечивая безопасность движения поездов. По мере необходимости для снегоборьки привлекаются работники всех предприятий отрасли Уральского региона.

В январе на закидку снега были привлечены работники структурных подразделений Уральской дистанции пути (ПЧ-1), Уральской дистанции сигнализации и связи (ШЧ-7), Актюбинской дистанции электроснабжения по Уральскому региону (ЭЧ-28), станции Орал, ПТО Уральского эксплуатационного вагонного депо (ВЧД-3), Уральского вагоноремонтного депо (ВРД), а также восстановительного и

пожарного поездов общей численностью 49 человек.

Перед началом работ инструктажи по технике личной безопасности провела ведущий инженер по охране труда и технике безопасности Людмила Дусанова. Руководили работами по закидке снега замначальника ПЧ-1 Талгат Мергенев, заместитель начальника станции Орал Арман Башенов и непосредственно на станционных путях дорожный мастер 7-го линейного участка Амангельды Толкумбаев и дорожный мастер 8-го линейного участка Юрий Скотников.

